

Банктің не банк холдингінің еншілес ұйымдарына, банк не банк холдингі қомақты қатысатын ұйымдарға тиесілі банк конгломераты бас ұйымының, банктің немесе банк холдингінің акциялары үлесінің (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) лимитін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 39 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 15 наурызда № 7463 тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Банктің не банк холдингінің еншілес ұйымдарына, банк, не банк холдингі қомақты қатысатын ұйымдарға тиесілі банк конгломераты бас ұйымының, банктің немесе банк холдингінің акциялары үлесінің (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) **ж и ы н т ы қ** **ү л е с і :**

банктің еншілес ұйымының не банк холдингінің, сондай-ақ банктің не банк холдингінің капиталына қомақты қатысатын ұйымның меншікті капиталы мөлшерінің **1 0** **(о н)** **п а й ы з ы н а н ;**

банк конгломератының бас ұйымының, банктің немесе банк холдингінің орналастырылған (артықшылықты және сатып алынғандарды қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) **10 (он) пайызынан аспауы** **т и і с** **д е п** **б е л г і л е н с і н .**

2. Банктердің еншілес ұйымдары, сондай-ақ банктің не банк холдингінің капиталына қомақты қатысатын ұйымдары 2013 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде өз қызметін осы қаулыда белгіленген талаптарға сәйкес келтірсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.04 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ л т т ы қ

Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко

